«АБАЙ ОБЛЫСЫ
ҮРЖАР АУДАНЫНЫҢ
ШОЛПАН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ
ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«АППАРАТ АКИМА
ШОЛПАНСКОГО СЕЛЬСКОГО
ОКРУГА УРДЖАРСКОГО РАЙОНА
ОБЛАСТИ АБАЙ»

ӨКІМ **РАСПОРЯЖЕНИЕ**

13.01.2026ж № 4
Шолпан ауылы село Шолпан

Мемлекеттік сатып алуды тікелей
келісім -шарт жасау арқылы
бір көзден сатып алуды жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 16-бабы 3-тармағының 1-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 Бұйрығының 506-509-тармағына сәйкес және «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару» Заңының 37 бабының 3 тармағын басшылыққа ала отырып (бұдан әрі-Заң) , әкімшілік ғимаратына электр қуатын сатып алу қажеттілігіне байланысты **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Бір көзден алу тәсілімен Заңның 16-бабының 3-тармағының 1-тармақшасының негізінде 2026 жылға әкімшілік ғимаратына электр қуатын сатып алуды жүзеге асыру.

2. Сатып алуды келесідей негіздеңіз:
Заңның 16-бабы 3-тармағының 28-тармағы:

3. Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:
28) егер құндық мәндегі осындай біртекті тауарлардың жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жүз еселенген мөлшерінен аспаса, егер құндық мәндегі осындай біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін біртекті тауарларды сатып алу - республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшері;
Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығы:
506. Заңның 16-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің шешімі негізінде, шартты

тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілін таңдаудың тиісті негіздемесімен жүзеге асырылады.

507. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға не Тапсырыс беруші аппаратының басшысы немесе аппарат басшысының өкілеттігін жүзеге асыратын өзге де лауазымды адам қабылдайды.

508. Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылданған жағдайларда, мұндай мемлекеттік сатып алу Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасын сақтаумен жүзеге асырылады.

509. Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған адам заңның 5-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алу қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді.

3.Мемлекеттік сатып алу веб порталында шарт жасасу бойынша барлық қажетті әрекеттерді жүзеге асыруды бас маман Т.Мухамедиеваға жүктеймін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Ауылдық округ әкімі **Е.Оспанов**